

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ

«Әдістемелік калейдоскоп» Республикалық сырттай байқауы

Номинация: «Оқушылардың экологиялық бағыттағы сабақтан тыс қызметінің ең үздік бағдарламасы»

**Бағдарлама тақырыбы: Адам және қоршаған орта
табиғатының экологиясы**

(6-сыныпқа арналған)

Авторы: география пәні мұғалімі Қазыбекова Қаламқас Сейдалықызы

тел.:8(775)9065080

e-mail: seidalynin_kalamkasi@mail.ru

Жұмыс орны: Махатма Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицей

Бостандық ауданы

Алматы қаласы

Түсінік хат

Экологиялық білім мен тәрбие беру 1970 жылы БҰҰ деңгейінде ұйымдастырылған (ЮНЕСКО) «Адам және биосфера» атты бағдарламаны қабылдаудан басталған.

Экологиялық білім беру барысында, экология ғылымында жаңа түсініктер мен ұғымдар қалыптасуда. Мысалы: Экологиялық саналық, Экологиялық ойлау, Экологиялық сауаттылық, Экологиялық этика, Экологиялық мәдениет т.б. Экология міндеті- адамның тіршілік барысында қалыптасқан рухани ортасын сақтау. Ол өз кезегінде өмірдегі қоғамдық мәселелер мен қатар, өзі тіршілік ететін ортаны игеруде белсенді көрегендікпен шеше алатын тұғаның қалыптасуына ықпал ету.

Ғылыми-техникалық прогрестің қарқындап дамуы биосфераға тікелей ықпалын тигізіп, жер шарындағы экологиялық жағдайдың күн сайын қиындап бара жатқанын көрсетіп отыр. Соңғы жылдары республикамыздың табиғаты бұрын-соңды болмаған өзгерістерге ұшырауда.

Соған байланысты бүгінгі таңда жастарға, жаппай үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейге қойылып отыр. Ол "Қазақстан - 2050" даму стратегиясында басты орын алады.

Экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті мектеп жасынан қалыптастырып, кәсіпкерлік және нарықтық шаруашылықтың заңдылықтарымен оқушыларды міндетті түрде таныстыра отырып, экологиялық білім негіздерін ұғындыру кезінде жеке тұлғаның шығармашылық ойлау қабілетінің дамуын қарастыру қажет. Экологиялық біліктілікті тереңдетуге жаңа саналық деңгейде экологиялық тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар жүргізу, оқушылардың өз бетімен ізденіп, жұмыстарына талдау жасауына өз септігін тигізеді.

Бағдарламаның жалпы сипаттамасы

Қазіргі таңда экология дербес ғылым ретінде биология, география, химия, физика, математика, эпидемалогия, биогеохимия сынды ғылымдармен тығыз байланысты. Олай болса кез-кеген маман иесі экологиялық мәдениетті болуы тиіс. Соңғы мәліметтерге сүйенер болсақ әлемдік экология рейтингінде Қазақстан 133 елдің ішінде 70-інші орында.

XXI ғасыр- бұл экологиялық күрес ғасыры. Табиғат адамға тәуелді емес, керісінше адамзат табиғатқа тәуелді. Біздің ұлттық санамыздың ерекше қасиеттерінің бірі- табиғатқа деген сүйіспеншілігі. «Адамның жақсы әрекет жасауға да, жаман әрекет жасауға да туа бітті мүмкіндігі мен қабілет-қарымы жетеді»-деп Әбу- Насыр әл Фараби бабамыз айтқандай жас ұрпақ қабілетін жақсы әрекет жасау жолына бағыттауды осы бағдарламаны меңгерту арқылы қалыптастырсақ дейміз.

Үйірме бағдарламасы 6-сыныптарда аптасына 2 сағаттан 68 сағатқа жоспарланған.

Бағдарлама мақсаты: Табиғатты пайдалануда өнегелік және құқықтық принципті сақтау, өзінің тұрғылықты жерінің табиғатын белсенді қорғауға, оқып үйренуге, табиғатты белгілі бір мөлшерде пайдалануды, экологиялық жауапкершіліксіздікті кері әсері туралы идеяларды насихаттауды жаңа көзқарас негізінде қалыптастыру .

Міндеттері:

- Экологиялық тәрбие мен білім беруді жергілікті жердің табиғатын қорғау міндетімен ұштастыру;
- Болашақ мамандық таңдауға ықпал ету;
- Жаратылыстану бағытындағы пәндерге деген оқушылардың қызығушылықтарын қалыптастыру;
- Өз іс-әрекетіне өзіндік рефлексия жасау қабілеттерін дамыту, тұлғалық сапасын арттыруға баулу (коммуникабельділік, өзіне және өзгеге деген құрмет, тұлғалық және тұлғааралық жауапкершілік).

Оқушылармен жұмыс барысында қолданылатын іс-әрекеттік технологиялар қойылған мақсат пен міндеттерге жетуге мүмкіндік береді:

- Жобалық технологиялар;
- Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар;
- Проблемалық-диалогтық оқыту технологиясы;
- Ойын технологиялары.

Бөлімдерді және жалпы курсты қорытындылау биосфера тіршілігінің тұрақтылығын сақтау үшін «адам-қоғам-табиғат» арасындағы үйлесімдікті, ізгілікті, бір тұтастықты үйлестіру болып табылады. Экологиялық газеттер шығару, сөзжұмбақ пен тесттер, шығармашылық-ғылыми жобалар қорғау, сынақ алу арқылы жүзеге асады.

Бағдарламаны жүзеге асыру талаптары

Бағдарламаның теориялық бөлімі кабинетте өтілетін сабақ барысында арнайы әдебиеттер, суреттер мен иллюстрацияларды, бейнежазбалар мен компьютер қолдану арқылы жүзеге асады.

Бағдарламаның практикалық бөлімі Іле Алатауы ұлттық саябағына саяхат жасап, Алматы қаласы маңы мен қала экологиясын бақылаулар және бақыланып отырған объектілерді суретке түсіру мен нәтижелер бойынша жазба жүргізу арқылы жүзеге асады.

Бағдарламаны меңгеру шарттары

Оқушыларға қажет білім: экологияның оқыту пәнін, Жердің құрылысын, экологиялық зерттеу әдістерін, бақылау шарттарын білу.

Оқушыларға қажет білік: еліміздің негізгі экологиялық аймақтарын, экологиялық ластану индексін, индекс арқылы ластану деңгейлерін анықтай білулері керек.

Нәтижесі мен қорытындысы:

«Адам және қоршаған орта табиғатының экологиясы» курсы оқытуда оқушылардың бойында шығармашылық қабілеттерін дамытады. Соныдықтан оқушылардың жаналықты өздігінен іздеп ашатындай танымдық, эмоциялық жағдайлар туғызатын оқытудың ғылыми-зерттеу, табиғатты көркем қабылдау сияқты оқу жұмысын ұйымдастырудың дәстүрлі емес түрлеріне ерекше маңыз берілуі қажет. Оқушылардың алған білімдерін іске асырудың негізінде төмендегі талаптар алынады: болжау, анықтау, салыстыру, түсіндіру, қолдау т.б

- Оқушы өз бетінше ізденуге дағдылануы қажет;
 - Жеке тапсырмаларды орындай алуға, топпен жұмыс жүргізуге, түсініп оқуға машықтануы керек;
 - Теориялық білімін, танымдық, шығармашылық дағдысын қалыптастыру;
 - Рухани байлыққа ұмтылуға үйренеді;
 - Экологиялық үрдістерді талдай білу және табиғатты қорғау қызметінде нақтылы міндеттер қоя білу;
- Оқушылардың білім, білік дағдыларына қойылатын талаптар:
- Адам, қоғам, табиғат арасындағы гармониялық байланыстарды реттеу;
 - Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін, логикалық ой-өрісін дамыту;
 - Ағаш отырғызу, қалдық заттардан су жағасын, бақтардың ішін тазарту, топырақ эрозиясын жұмыстармен шұғылданду;
 - Экологиялық және табиғат заңдарын жетілдіру және оларды бұлжытпай орындау;

Баяндама және рефераттар тақырыптары

1. Экология-ғылыми немесе дүниеге көзқарас
2. «Қоғам-табиғат» жүйесіндегі экологиялық көзқарас
3. Тұрақты даму мәселелері
4. Ноосфераға қарай жол
5. Су ресурстарын тиімді пайдалану
6. Жер ресурстары және оларды қорғау
7. Судың сапасы мен халықтың денсаулығы
8. Атмосфераның ластануы және адамның денсаулығы
9. Салауатты өмір салты

10. Радияция және денсаулық

11. Адам және қоршаған орта

Мазмұны

1-бөлім. Адамзат және географиялық қабық (20 сағат)

Адамзат және атмосфера. Атмосфераның негізгі ластағыш көздері. Атмосфераның ластануының табиғи және жасанды ластану көздері. Атмосфераны қорғау туралы құжаттар. Адамзат және гидросфера. Дүниежүзілік су қоры. Таза су қорлары. Судың ластану көздері.

Адамзат және литосфера. Жер қорлары. Топырақ экологиясы. Топырақ эрозиясының типтері. Адамзат және биосфера. Тіршілік ортасының сапасы және оның өзгеруі, өзгеруінің себептері. Қоршаған орта және адам. Адамның шаруашылық әрекетінің қоршаған ортаға әсері. ҒТР қоршаған ортаға әсері.

2-бөлім. Адам және қоршаған орта (28 сағат)

Антропогендік факторлар. Адамзаттың экологиялық мәселелерді шешу жолдары. Қазақстанның қалаларының ластану деңгейлері. Адам, қоғам табиғат жүйесінде. Қазақ халқының экологиялық қағидалары. Табиғатты қорғау басты парыз. Табиғатты қорғаудың экологиялық негіздері. Табиғатты тиімді пайдалану және табиғатты қорғаудың негізгі бағыттары. Қызыл кітап және оның ролі. Қазақстанның ерекше қорғалатын аймақтары. Табиғи саябақтар. Табиғат ескерткіштері. Табиғатпен үйлесімді өмір сүру. Қорық ұйымдастыру ісінің болашағы.

3-бөлім. Адам экологиясы (8 сағат)

Қазіргі даму кезеңіндегі адам экологиясын оқытудың маңыздылығы. Қоғамның денсаулық сапасы. Аппаты табиғат құбылыстарының адамға тигізетін әсері және олармен күресу шаралары. Адам тіршілігі үшін экологиялық қолайлы және қолайсыз аудандар.

4-бөлім. Қазіргі кезде қалыптасқан экологиялық проблемаларды шешу жолдары (4 сағат)

Қазіргі кезде қалыптасқан экологиялық мәселелерді шешу жолдары. Қазақстанның рекреациялық аймақтары.

5-бөлім. Практикалық сабақ (8 сағат)

Экологиялық аппаты аймақтар картасын құру. ҒТР-ның қоршаған ортаға әсерінің көрсеткішін түрлі диаграммаларға түсіру. «Жергілікті жерде аурулардың таралуы» -статистикалық мәліметтерді түрлі диаграммаларға түсіру. Қазақстанның рекреациялық аймақтарын картаға түсіру.

Тақырыптық жоспарлау
Адам және қоршаған орта табиғатының экологиясы
6 – сынып
(Барлығы 68 сағат, аптасына 2 сағат)

№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
1	1-бөлім. Адамзат және географиялық қабық (20 сағат) Адамзат және атмосфера	2	
2	Атмосфераның негізгі ластағыш көздері	2	
3	Атмосфераның ластануының табиғи және жасанды ластану көздері	2	
4	Атмосфераны қорғау туралы құжаттар	2	
5	Адамзат және гидросфера. Дүниежүзілік су қоры	2	
6	Таза су қорлары. Судың ластану көздері.	2	
7	Адамзат және литосфера. Жер қорлары.	2	
8	Топырақ экологиясы. Топырақ эрозиясының типтері.	2	
9	Адамзат және биосфера. Тіршілік ортасының сапасы және оның өзгеруі, өзгеруінің себептері.	2	
10	Қоршаған орта және адам. Адамның шаруашылық әрекетінің қоршаған ортаға әсері. ГТР қоршаған ортаға әсері.	2	
11	2-бөлім. Адам және қоршаған орта (28 сағат) Антропогендік факторлар.	2	
12	Адамзаттың экологиялық мәселелерді шешу жолдары	2	
13	Қазақстанның қалаларының ластану деңгейлері	2	
14	Адам, қоғам табиғат жүйесінде	2	
15	Қазақ халқының экологиялық қағидалары	2	
16	Табиғатты қорғау басты парыз.	2	
17	Табиғатты қорғаудың экологиялық негіздері.	2	
18	Табиғатты тиімді пайдалану және табиғатты қорғаудың негізгі бағыттары	2	
19	Қызыл кітап және оның ролі	2	
20	Қазақстанның ерекше қорғалатын аймақтары.	2	
21	Табиғи саябақтар.	2	

22	Табиғат ескерткіштері.	2	
23	Табиғатпен үйлесімді өмір сүру.	2	
24	Қорық ұйымдастыру ісінің болашағы.	2	
25	3-бөлім. Адам экологиясы (8 сағат) Қазіргі даму кезеңіндегі адам экологиясын оқытудың маңыздылығы	2	
26	Қоғамның денсаулық сапасы	2	
27	Аппаты табиғат құбылыстарының адамға тигізетін әсері және олармен күресу шаралары.	2	
28	Адам тіршілігі үшін экологиялық қолайлы және қолайсыз аудандар	2	
29	4-бөлім. Қазіргі кезде қалыптасқан экологиялық проблемаларды шешу жолдары (4 сағат) Қазіргі кезде қалыптасқан экологиялық мәселелерді шешу жолдары.	2	
30	Қазақстанның рекреациялық аймақтары.	2	
31	5-бөлім. Практикалық сабақ (8 сағат) Экологиялық аппаты аймақтар картасын құру.	2	
32	ҒТР-ның қоршаған ортаға әсерінің көрсеткішін түрлі диаграммаларға түсіру	2	
33	«Жергілікті жерде аурулардың таралуы» - статистикалық мәліметтерді түрлі диаграммаларға түсіру.	2	
34	Қазақстанның рекреациялық аймақтарын картаға түсіру.	2	

Әдебиеттер тізімі:

Педагогке арналған әдебиеттер тізімі:

1. Агаджанян Н., Торшин В. Экология человека. Алма-ата, 1994 год
2. Реймерс Н. Охрана природы и окружающая человека: словарь-справочник. Москва, 1994 год
3. Вернадский В. Биосфера. Москва, 1967 год
4. Новиков Ю. Экология, окружающая среда человека. Москва, 1998 год
5. Экологиялық білім мен тәрбие беру ерекшелігі (әдістемелік құрал Алматы 2003

Білім алушыларға арналған әдебиеттер тізімі:

1. Экология Г.С.Оспанова, Г.Т.Бозташаева Алматы 2002
2. Бейсенов Ә., Шілдебаев Ж. Экология. Алматы, «Мектеп», 2005 жыл
3. Бейсенов Ә., Смақова А. «Экология және табиғатты тиімді пайдалану». Алматы, 2004 жыл
4. Байханов С. «Табиғатым тағдырым». Алматы, «Қайнар», 1991 жыл